



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №12 (1880) 3 СӘУІР 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде белгілі түркітанушы ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Николай Егоров «Зерттеу университетінің дамуы аясында түркітану мен алтайтанудың өзекті мәселелері» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Түркітанушы ғалым тәжірибесімен бөлісті



«Көрнекті ғалым Николай Егоровпен 40 жылдан бері таныспыз. Түркология саласын зерттеуде көп еңбек сіңірді. 400-ден астам ғылыми жұмыстың авторы. Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері», – деді көшбасшылық дәрісті ашқан университет басшысы Жансейіт Түймебаев.

Николай Егоров – Чуваш Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Халықаралық түркітанушылар қауымдастығы төралқасының мүшесі. Чуваш Республикасына сіңірген еңбегі үшін арнайы орденмен марапатталған. Ғалым Чуваш этнос және глоттогенезі, Алтай теориясын сыни тұрғыдан түсіну, болгар-чуваш тілдерінің ежелгі байланыстары туралы көптеген мақалалардың авторы.

Сөз соңында білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құрметті қонаққа «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Құрметті профессоры» атағын табыстады.

Николай Егоров алдағы екі апта ішінде жүргізіп жатқан зерттеулері бойынша ҚазҰУ-да дәрістер мен семинарлар өткізіп, қазақстандық ғалымдармен кездеседі.

Света ӘБИЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Түркі әлемі білім интеграциясын дамыту жалғасады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Халықаралық Түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаевпен кездесті.



Жүздесу барысында ҚазҰУ мен Халықаралық Түркі академиясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

«Түркі әлемінде әлі де толық зерттелмеген мұралар жеткілікті. Осы тұрғыда Әл-Фараби кітапханасында сіздің қатысуыңызбен Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтын ашқан болатынбыз. Қазіргі таңда институт мамандары сирек кездесетін қолжазбалар мен көне кітаптарды, құнды деректер мен материалдарды сараптап, зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Түркі мемлекеттері арасындағы ғылым және білім интеграциясын дамыту жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады», – деді университет ректоры. Өз кезегінде Халықаралық



Түркі академиясының президенті Шаһин Меджидоглы бүгінгі меморандум үлкен нәтижелерге қол жеткізуге сеп болатынын жеткізді.

«Меморандум аясында біз

ғылыми бағытта бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ортақ жетістіктерге жетеміз деп ойлаймын. Бұл бастама тәжірибе алмасуға және кадрларды даярлауға үлкен мүмкіндік беретін болады», – деді Шаһин Мұстафаев.

Оқу ордасына сапары барысында құрметті қонақ ҚазҰУ музейін, Жағдаяттық басқару орталығын және жаңарған оқу корпусарын аралап көрді. Сонымен қатар ҚазҰУ Баспасөз қызметінің жұмысымен танысты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:
Адам капиталының сапасын арттыру – басты назарда

3-бет



Түркітану ғылымында өз қолтаңбасы бар

4-бет



Әл-Фараби шығыс пен батыстың ғылымын табыстырды

6-бет

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «ҚР мемлекеттік тілінің зерттелуі, оқытылуы және қолдануының ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында сессия отырысы өтті.

«Бүгінгі кездесу мемлекеттік тілдің зерттелуіне, оқытылуы мен қолдануының ғылыми-әдістемелік негіздеріне арналып отыр. Тіл тағдыры – бүкіл мемлекеттің тағдыры. Бүгінгі бірлескен семинардың мақсаты – мемлекеттік тіл мәселесіне түрлі сала мамандарын тартып, ғылыми талдау жүргізу. Сонымен қатар түркітілдес халықтардың тілін, әдебиетін, фольклорын, тарихын, этнографиясын, мәдениетін зерттеушілерге жаңа өріс ашып, жаңа бағыт беру. Бүгінгі тіл мәселесі – қазақ қоғамына ғана емес, түркі әлеміне ортақ мәселе», – деді сессия отырысын ашқан университет басшысы Жансейіт Түймебаев.

Мемлекеттік тіл мәселесіне ғылыми талдау жасалды



Сондай-ақ өз сөзінде ректор мемлекеттік тілді зерттеу ұлттық болмысымызды терең тану үшін өте маңызды екенін жеткізді. «Тіл – қатынас құралы ғана

емес, ақпарат алмасудың, білім берудің кілті. Соңғы жылдары қолданыстағы кириллицаны латын графикасымен алмастыру мәселесі жиі көтеріле бастады.

Президент латын графикасына көшуде ғылыми негіз бен қоғамдық пікірге баса назар аудару керектігін ерекше атап өтті. Бұл түркі мемлекеттерінің интеграциясы үшін аса маңызды. Алдымызда мемлекеттік тілді ғылым тілі ретінде дамыту мақсаты тұр», – деді Жансейіт Түймебаев. – Мен «Болашақ» бағдарламасымен оқуға түскен студенттерден «қалай дайындалдыңыздар?» деп сұрағаным бар. Сонда бәрі бірауыздан «IELTS, TOEFL жүйесімен дайындалдық» деді. Біздің 5, 6, 7 сыныптарға арналған ағылшын тілі оқулығымен ешкім дайындалған жоқ. Бұл оқулықтар керексіз болып қалды.

Жалғасы 2-бетте

Мемлекеттік тіл мәселесіне ғылыми талдау жасалды



Соңы. Басы 1-бетте

Сондықтан деңгей-деңгеймен оқытуды қолға алғанымыз абзал. Шетелдіктерді оқытқан кезде де солай қабылдауымыз керек. Демек, бұрынғы жүйеден құтылған жөн. Кезінде мен осы деңгей бойынша оқыту жүйесіне оқулық дайындауға тапсырма бергенмін. Бірақ бәріміз жан-жаққа кеткеннен кейін ол аяқсыз қалды. Міне, бұл орынды көтерілген, өте дұрыс мәселе. Осының бәрін қолға алатын уақыт келді.

Дөңгелек үстел отырысында халықаралық «Қазақ тілі» академиясының төрағасы, профессор Ерден Қажыбек, Түркі мәдениеті ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Ахмет Бижан, Чуваш Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, туркітанушы Николай Егоров, Америкалық түркі тілдері зерттеушілері ассоциациясының же-

текшісі Юлай Шамильоглу сөз сөйледі. Профессор Ерден Қажыбек қазақ тілін латын әліпбиіне көшірген кезде ескеруі қажет мәселелерді ортаға салды.

«Тіл – ел үшін маңызды құрал. Тіліміздің оқытылуы мен қолданылуын жетілдіріміз қажет. Қазіргі қазақ грамматикасы орыс тілінің грамматикасымен жасалған. Алдағы уақытта латын әліпбиіне көшкен кезде әр әріпке жеке таңба беру керек. Қағазға түсіргенде әр әріп көрініп жазылуы шарт», – деді Ерден Қажыбек.

Сондай-ақ сессияда профессор-ғалымдар баяндама жасап, өз ойларын ортаға салды. Сессия отырысы жетілдірілген әліпбиі жобасын сараптауға, латын әліпбиіне көшу және қазақ тіліндегі өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік берді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі Алма Мұқанова Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы іссапармен келді.

Заңнама және құқықтық саясат орталығын құру ұсынылды



Вице-министр ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевпен кездесіп, екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Кездесу барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ҚР Әділет министрлігі арасында конституциялық, әкімшілік және әкімшілік іс жүргізу, азаматтық және қылмыстық іс жүргізу құқығы бағыттары бойынша бірлескен іргелі ғылыми әзірлемелер

жүргізу мақсатындағы ынтымақтастықты кеңейту барысы сөз болды.

Аталған бағыттарды іске асыру аясында ҚазҰУ базасында Заңнама және құқықтық саясат ғылыми-зерттеу орталығын құру ұсынылды. Онда ҚазҰУ-дың үздік мамандары мен құқықтану саласындағы жетекші ғылыми кадрларды шоғырландыру жоспарлануда.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Ғылыми инновациялық белдеу құру қажеттігі айтылды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кезекті Ғылыми кеңесінің отырысында оқу орнының 2022 жылғы ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметі қорытындыланып, алдағы даму жоспары сараланды.

Бұл жөнінде Ғылым және инновациялық қызмет департаментінің директоры Еркін Кәкімжанов баяндама жасады. Оның айтуынша, 2020-2022 жыл аралығында 5 235,9 млн теңгені құрайтын 305 ғылыми-зерттеу жобасы орындалып, халықаралық және республикалық деңгейдегі 147 іс-шара өткізілген.

Өз сөзінде баяндамашы диссертациялық кеңестердің жұмысы мен өзгерістеріне тоқталды. Кеңес саны 14-тен 18-ге дейін, ал білім беру бағдарламалары бойынша 57-ден 70-ке дейін және кадр даярлау бағыттары бойынша 18-ден 25-ке дейін өсті. Өткен жылы 101 диссертация қорғалып, оның ішінде 15 докторант басқа жоғары оқу орындарының атынан шықты. 2022 жылғы докторанттар ара-



сында жарияланым белсенділігі де атап өтілді. Олар Scopus және Web of science деректер базасында 241 мақала жариялаған. 82 (37%) жарияланым шетелдік кеңесшілермен бірлесіп шығарылған. Журналдарда 2021 жылмен салыстырғанда 1, 2 кварталда жарияланымдар саны 8 пайызға артқан және 2022 жылы 339 докторант шетелде ғылыми тағылымдамадан өткен. Сонымен қатар спикер 2023 жылға арналған жоспарлар мен зерттеу университетінің стратегиялық міндеттері туралы айтты.

Білім ордасының ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметінің нәтижелері бойынша ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы

– Ректоры Жансейіт Түймебаев жұмысты одан әрі дамыту және жетілдіруге бағытталған бірқатар тапсырмалар берді.

«Біз ғылымды дамытуға баса назар аударуымыз керек. Әр кафедра мен факультеттің ғылыми жобаларына талдау жасау арқылы экономикалық әсерін анықтау керек. Жобаларды қалалар және жалпы елдегі белгілі бір проблемалық мәселелерді шешуге тікелей байланысты өзекті тақырыптар бойынша бөлу маңызды. Коммерциализацияға әлеуетті ғылыми жобалар экономиканың нақты секторына жұмыс істеуі керек. Жобалардың тақырыбын мемлекеттік бағдарламаларға назар аудара отырып, өндірістік сектормен байланыс орнату арқылы таңдау қажет», – деді ректор.

Сондай-ақ Жансейіт Түймебаев ғылымды дамыту бойынша тұрақты жұмыс істейтін кеңес ашуды ұсынды. Бұған қоса, алдағы уақытта ЖОО ғалымдарына қолдау көрсету, университет ғылымын ілгерілету және дамыту мақсатында ғылыми инновациялық белдеу құру қажеттігін алға тартты.


Әйгерім ӘЛІМБЕК



ҚазҰУ ректоры II Достық диалог отырысына қатысты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев өткен Қазақстан Республикасы мен ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының шекара маңы ынтымақтастығының II Достық диалог отырысына қатысты. Кездесудің мақсаты – екі ел арасындағы ынтымақтастықты тереңдету және байланысты арттыру.

Іс-шара аясында университет ректоры ҚКП ОК Саяси бюросының мүшесі, ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы ҚКП партия комитетінің хатшысы Ма Синжуймен кездесті.



Жансейіт Түймебаев құрметті мейманға ҚазҰУ-дың жетістіктері мен оқу орнының ғалымдары әзірлеген инновациялық жобалар туралы ақпарат берді. Сондай-ақ университет қабырғасында дайындалған «Al-Farabi-2» наноспутнигінің моделін және «Әл-Фараби» кітабын сыйға тартты.

Сөз соңында Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың ғылыми инфрақұрылымымен танысу үшін Ма

Синжуй мырзаны университетке арнайы шақырды.

Сондай-ақ білім ордасының 37 ОПҚ өкілі конференцияларға қатысу үшін Қытайға барып, біліктіліктерін арттырған болатын. Қазіргі таңда ҚазҰУ-да 386 қытайлық студент оқып жатыр. Университетте Қытайтану кафедрасы мен Конфуций институты жұмыс істейді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасы Ата заңының 59-бабы 2-тармағында көрсетілген конституциялық құқығына сүйене отырып, 29 наурызда VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясын шақырып, маңызды жиын өткізді.

Расында, 2022 жылғы наурыздағы тарихи жолдаудан қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде біздің азаматтарымыздың жаңа Қазақстанға әділ мемлекет ретінде сенгені анық байқалады. Азаматтар бұл кезең-кезеңімен іске асырылып жатқан шындық екенін түсінді.

Мұның дәлелі – бір жағынан, мемлекеттік институттар мен азаматтық қоғам институттарын қоса алғанда, еліміздің барлық дерлік өмір салаларына әсер еткен демократиялан-

депутаттарының 30 пайызы бір мандатты округтер бойынша сайланды. Бұл өз кезегінде олардың императивті мандат алуын білдіреді. Оның мәні – өз сайлаушыларының алдында тікелей жауапкершіліктің туындауы, олар сайланған депутатты өз сайлаушыларының тапсырмасын, депутаттық міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда кері қайтарып алу құқығын алды.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев VIII шақырылымның 1-сессиясында

Сондықтан ҚР Парламенті Мәжілісінің жаңа құрамының заңнамалық қызметіндегі басты басым бағыттардың бірі қарапайым халыққа, демек, қатардағы қазақстандыққа мемлекет тарапынан қамқорлық танытатын сапалы заңдар қабылдануы тиіс. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы: «Адам капиталының сапасын барынша арттыру керек. Бұл мәселе менің айрықша назарымда екенін білесіздер. Себебі Қазақстанның басты байлығы – адам», – деген болатын.

байланысты мәселелер де ерекше назарға алынуы тиіс.

Мемлекеттің басты байлығы мен игілігі табиғи ресурстар (мұнай, газ, уран және т.б.) емес екенін алға тарта отырып, ел Президенті Қ.К.Тоқаев «Қарым-қабілеті зор, білімді азаматтар елімізді алға бастайды. Сол үшін білім беру жүйесін жан-жақты дамыту қажет. Соңғы жылдары мемлекет бұл салаға инвестицияны едәуір көбейтті», – деп атап өтті.

Бұл тұрғыда Мемлекет басшысының назарында білім берудің барлық сатылары – мектепке дейінгі, мектеп және жоғары оқу орындары бар екенін айтқан жөн. Сонымен қатар үндеуде «Білім сапасын, әсіресе орта білімнің деңгейін арттыру үшін батыл шешім қабылдау қажет. Білім беру саласында ұстаз – ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абырой-беделін арттыра беруіміз керек» деп «педагог» – ұстаз мәртебесі кезекті рет көтерілді.

Айта кету керек, бұл жерде білім беру сапасын арттыру тек білім беру ұйымдары үшін ғана емес, сонымен бірге биліктің заң шығарушы тармағы үшін де басты басымдық екеніне назар аударған абзал. Өйткені бүкіл білім беру жүйесі осы саланы реттейтін және оны дамытудың нормативтік негіздерін анықтайтын нормативтік-құқықтық актілерге негізделген.

Студенттер мен магистранттардың білім сапасы негізінен мектеп түлектерінің білім сапасына байланысты екені аксиома дейтіндей-ақ айғақ. Осы фактор отандық ғылымның сапасына тікелей әсер етеді. Ғылым өз кезегінде біздің елімізде жаңа технологиялар мен инновацияларды дамытуға бағытталуы керек. Бұл экономиканы әртарап-тандыруға айтарлықтай әсер етеді. Өйткені экономикалық дамыған мемлекет егемендігімізді қорғаудың және Қазақстанның барлық көпұлтты халқының әлауқатының деңгейін арттырудың кепілінің бірі екені даусыз.

Президент Қ.К.Тоқаевтың Парламент Мәжілісінің жаңадан сайланған депутаттық корпусына үндеуін биліктің заң шығарушы тармағы – Парламент қызметінде таяудағы бес жылға арналған көпвекторлы бағдарлар мен басымдықтарды қамтитын бағдарламалық құжат ретінде қарастыруы жөн.

Бұл үндеуде жаңадан сайланған Мәжілістің бақылауында болуға тиіс барлық өзекті және маңызды салалары қамтылған. Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың: «Біздің еліміздің мақсаты айқын, ол – әділ Қазақстанды құру. Мұның бәрі бір күнде бола қоятын жағдай емес. Біз бәріміз табанды, еңбекқор, шебер, сақ, тәртіпті болуға тиіспіз. Ең алдымен өз еліміздің патриоты болғанымыз жөн. Ұлт пен мемлекеттің мүддесі бәрінен биік тұруы керек», – деген өзекті, ауқымды әрі қарапайым ойын естеріңізге салғым келеді. Өзін патриот санайтын әрбір Қазақстан азаматы Мемлекет басшысының тұжырымдамаларын көкейге түйіп, ізгі бастамаларын қолдауы тиіс.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор

Адам капиталының сапасын арттыру – басты назарда

Парламент Мәжілісінің жаңа құрамының бірлескен отырысында сөз сөйлеген ел Президенті елімізде қалыптасқан жағдайға қысқаша талдау жасады. 2022 жылғы наурыздағы Қазақстан халқына тарихи жолдауында және «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасында белгіленген міндеттердің іске асырылуы барысы туралы хабардар етті.

Президенттің Парламент сессиясындағы сөзі жоғарыда аталған стратегиялық саяси-құқықтық құжаттарда бекітілген тұжырымдамалық мақсат-міндеттерге, басымдықтар мен ережелерге негізделді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың барлық сөздерінің өзегінде өзі ұсынған әділетті қоғам мен жаңа Қазақстан құру идеясы жатыр. Бұл міндет, Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, қазіргі уақытта елімізде жүргізіліп жатқан саяси, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық реформалар арқылы іске асырылуы тиіс. Реформалар Мемлекет басшысы қалыптастырған «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласына негізделген.

Ел Президенті атап өткендей, ықпалды Парламент мемлекеттік биліктің заң шығарушы тармағы бола отырып, жаңа Қазақстанды әділ мемлекет ретінде құру жолында аса маңызды функцияны атқаруы тиіс және «бұл қағида біздің мемлекетіміздің басты темірқазығы болып табылады».

Қазірдің өзінде жүргізілген реформаларды талдай келе, Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаев: «Референдумды қосқанда, бір жылға жуық уақыттың ішінде өте маңызды бес саяси науқан өткізілді. Оның бәрі аса күрделі кезеңге тұспа-тұс келді. Қаншалықты күрделі болса да, біз еліміз үшін өте қажет жолды қысқа мерзім ішінде жүріп өттік. Қазақстанның жаңарып, жаңғыра бастағанына жұрттың көзі жетті», – деді.



дырудың қайтымсыз процесі. Екінші жағынан, Мемлекет басшысы демократия, ең алдымен, заңның диктатурасы екенін терең түсінеді. Сондықтан елдегі заңдылық режимін күшейту және нығайту демократиялық қайта құрулармен қатар жүріп қана қоймай, олардың жүзеге асырылуын және саясат, экономика, әлеуметтік салаларда тәжірибе түрінде іске асырылуын қамтамасыз етуі керек.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы наурыздағы жолдауында ақшалай қаражат пен жер учаскелерін қоса алғанда, заңсыз сатып алынған меншікті мемлекетке қайтару бойынша белгілеген іс-шаралары сөзімізге мысал бола алады. Бұл үдеріс біздің азаматтарымыздың билікке деген сенімін және соңғы онжылдықтарда айтарлықтай жоғалған заңға, әділеттілікке деген сенімін қалпына келтіруге ықпал етеді.

Бұдан әрі Мемлекет басшысы қазақстандық конституциялық реформа саяси жүйені тұтастай, оның ішінде сайлау жүйесін демократияландыру үшін жағдай жасағанын атап өтті. Реформа қоғамды демократияландыру бағытының мызғымастығын көрсетті. Енді Парламент Мәжілісі

Парламент депутаттарына үндеуінде Мәжіліс үшін де, жалпы Парламент үшін де сегіз басымдықты белгіледі. Әрине, барлық басымдықтардың мемлекеттік маңызы зор және оларда белгіленген мәселелер мен міндеттерді шешу айқындалған және қазірдің өзінде іске асырылып жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық реформаларды іске асыруға бағытталатын болады.

Алайда экономика және бизнеспен қатар, одан әрі қарқынды дамуы тиіс әлеуметтік саланы қозғайтын мәселелер шеңберіне назар аударған жөн. Өйткені қарапайым адам, оның әлеуметтік қорғалуы, рухани-адамгершілік дамуына жағдай жасау мен денсаулығы барлық мемлекеттік институттардың қызметінде басымдыққа айналуы тиіс. Мемлекет басшысының пікірінше, дәл осы жерде Конституциямыздың 1-бабы 1-бөлігінде бекітілгендей, Қазақстан мемлекетінің әлеуметтік негізі жатыр. Өйткені әлеуметтік мемлекетте адам, оның құқықтары мен бостандықтары, оның әлауқаты мен әлеуметтік қорғалуы мемлекеттік және қоғамдық мүдделерден жоғары тұрады.

Бұдан әрі Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев әлеуметтік қорғалмаған азаматтарды қолдау да негізгі міндеттердің бірі екенін атап өтті. «Қиындыққа тап болған жандар еш көмексіз қалмауы керек. Мемлекеттің әділдігі мен қоғамның жанашырлығы осындайда көрінеді. Әсіресе ана мен баланы қорғауға айрықша көңіл бөлінуге тиіс». Шынында да, Мемлекет басшысының тапсырмасымен бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу кезеңі 1 жастан 1,5 жасқа дейін ұзартылды. Тұрмысы төмен отбасындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға берілетін әлеуметтік көмек қайта қаралды. Жарты миллионнан астам көпбалалы отбасы арнайы жәрдемақы алады.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы өз үндеуінде жаңадан сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарының назарын білім беру, денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау, спорт пен мәдениетті одан әрі дамыту саласындағы мәселелерді заңнамалық тәртіппен шешудің өзектілігі мен қажеттілігіне аударғанын атап өткен жөн.

Үндеуде айтылған еліміздегі білім беру жүйесін одан әрі қарқынды дамыту мен жетілдіруге

География және табиғатты пайдалану факультетінің Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының түлегі Айна Рысмағамбетованың ғылымдағы дара жолы жайлы «Qazaq universiteti» газетінің оқырмандарына баяндауды жөн көрдік. Өйткені Айна Ақанқызының алғырлығы, ізденісі қанаттас әріптестеріне, кейінгі буынға үлгі. Өзінің айтуынша, тағдырын ғылыммен байланыстырып, ғылым жолына түсуіне әрі тұлға ретінде қалыптасуы бұрынғы Энергоэкология, қазіргі Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасына тікелей қатысты.

Білім алушы ұстазға қарап бой түзейді

Айна Рысмағамбетова 2008-2012 жылдар аралығында Қазақ ұлттық университетінде «Химия» мамандығы бойынша білім алған. Ғылыми-зерттеу жұмысындағы алғашқы қадамы 2012-2014 жылдары университеттің география және табиғатты пайдалану факультетінің «Экология» мамандығы бойынша магистратурада оқып жүргенде басталған. Магистратурада білім алып жүрген кезінде академиялық тағылымдаманы 2013 жылы Лейпциг университетінде (Германия) өткен. Одан кейін магистрлік диссертациясының тақырыбына орай, «Күн сәулесін концентрлейтін элементтермен шоғырландырылған гелиоқондырғыда мұнай құрамды қалдықтарды бөлу әдістерін жасау» атты ғылыми жобада лаборант қызметін атқарды. Зерттеу ісі бойынша факультет, университетаралық шараларға, ҚР Білім және ғылым министрлігінің аясында өткен ғылыми жобалардың байқауына, студенттік бизнес-инкубаторлық жобалар сайысына белсене қатыса бастады. Нәтижесінде II және III дәрежелі дипломдармен марапатталып, сертификаттарға ие болды.

Айна Ақанқызы жас болса да, зерттеу жұмысына ерекше мән беріп, көп ізденді. Ғылымның ұңғыл-шұңғылына бар күш-жігерін жұмсауға тырысты. Өйткені тағдыры ғылыммен бірге өрілетінін ол ерте түсінген еді. Жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде сегіз мақала жазып, жарыққа шығарды. Оның ішінде екі мақаласы Web of Science базасында жарияланған болатын. 2014 жылдан Энергоэкология, қазіргі Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының маманы болып жұмысқа араласты. 2015 жылдан қазіргі уақытқа дейін аға оқытушы қызметін атқарып келеді. Ал 2016 жылы «Экология» мамандығы бойынша география және табиғатты пайдалану факультетіне PhD докторантураға түсті. 2020 жылы «Елек өзені алқабының жерүсті және жерасты суларының бормен ластану динамикасын бағалау» (Assessment of the boron pollution dynamics of the groundwater and surface water of Ilek river valley) деген тақырыпта докторлық PhD диссертациясын ағылшын тілінде қорғады. Докторантура бағдарламасының аясында шетелдік ғылыми-зерттеу жұмыстары Валенсия политехникалық университетінде (Испания) жүргізілді. 2017 жылы ЮНЕСКО штаб-пәтерімен ынтымақтастықта Бангкокта ЮНЕСКО ұйымдастырған Тұрақты даму мүддесінде білім беру бойынша жастар көшбасшыларын оқыту бойынша Азия-Тынық мұхиты өңірлік семинарында Қазақстанның өкілі болуға мүмкіндік алды. 2020-2021 жылдар аралығында Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы



меңгерушісінің ғылыми-инновациялық және халықаралық байланыстар бойынша орынбасары қызметін атқарды. Бүгінде география және табиғатты пайдалану факультеті деканының ғылыми-инновациялық және халықаралық байланыстар бойынша орынбасары қызметін атқарып келеді. Ұжымда беделді, шәкірттерін білім мен ғылымға баулуда Айна Ақанқызы ешқашан аянып қалған емес. Білгені мен түйгенін білім алушыларға үйретіп келеді. «Ғылымға тынымсыз адам керек. Сергектік қажет. Қалғып кетсең, көп істен кемшілік жібересің. Үнемі ізденіс, ой үстінде жүрген жас-тан нәтиже күтуге болады», – дейді ол ағынан жарыла.

Шынында да, білім алушы ұстазға қарап бой түзейді. Өзі білімді, өзі іскер ұстаздың шәкірттері осал болмауы керек. Ізденген ғалым қашанда мұратына жетеді. Айна Рысмағамбетованы алда талай асу күтіп тұр. Ол биік белесіне үлкен дайындықпен келе жатыр. Қазір жеке оқу-әдістемелік еңбек жазу жолында алты оқу-әдістемелік құралы жарыққа шықты. Екі ұжымдық монографияда, соның ішінде біреуі шетелдік басылымда, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарияланды. Білген адамға бұл да үлкен еңбек. Төгілген маңдай тер.

Ұлы философ Аристотельдің «Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын, ол – ұстазым» деген сөзі бар еді. «Менің кәсіби тұрғыда өсуіме және нағыз маман иесі болып қалыптасуыма үлкен ықпал еткен Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы ұжымына ғылым мен білім саласында көрсеткен баға жетпес қолдауына үлкен алғыс білдіремін», – дейді Айна Ақанқызы.

Гүлжанат ТАНАБЕКОВА,
Әділхан ОРАЗБАЕВ,

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының аға оқытушылары

Түркітану ғылымында өз қолтаңбасы бар

1981 жылдың қыркүйек айы. Студент болып, қуанышымыз қойнымызға сыймай, шүйірке-лесіп, танысып жатырмыз. Танысу кезегі Алматы қаласында дүниеге келіп, сол кездегі астанамыздағы №12 С.М.Киров (қазір Ш.Уәлиханов атындағы) қазақ орта мектебін бітірген менің аттасым – Раушангүл Авақова да келіп жетті.



Әдетте қалалықтар ауылдан келгендерге басқаша көзбен қарайды емес пе? Алайда Раушанымыз жайдары мінезді, ашық, жылы жүзді, ақкөңіл де алғыр екенін байқатып, емен-жарқын тілдесіп, ете-не танысқаннан кейін сыралғы құрбыларға айналып кеттік. Содан бері хабар үзбей, жақсылығымызды бөлісіп, ғылымда да, өмірде де мүдделес, ажырамас жақын жандарға айналған едік.

Алматыға жақын жердегі Талғар ауданының Мичурин ауылына ауылшаруашылық жиындарға көмекке жіберген шақтағы Раушанның ұйымдастырушылық қабілеті, бәрімен тез тіл табысып кететіні өз алдына бір әңгіме. Раушангүліміз тобымыздың комсоргі болды. Екінші курста тіл мен әдебиет бөлімі болып екі топқа бөліндік. Біздің топтың старостасы – Раушан Амирдинқызы. Оқу ордамыздың қазіргі ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев кураторымыз болды. Университет табалдырығын аттап, аудитория есігін алғаш ашқан күннен бастап әдебиеттің құдіретін бойымызға сіңірген Зейнолла Қабдоловтың әр оқыған лекциясы есімізден кетпейді.

Ақкөңіл, ашық мінезді Раушанымыз аудиторияға кіріп келгенде «девченки» деп орысшалап қоятын. Өзіне жарасып тұратын еді. Сессия басталғанда сынақ, емтихан тапсыру кезінде жаны қалмай, бәрімізден көмегің аямайтын. Бес жыл бойы ақын-жазушылардың шығармашылық кештерінен қалып көргеніміз жоқ. Театр, кино, музейге барып тұрдық. Бірінші курста Жансейіт Қансейітұлы ағайымыз музейге апарған

еді. Біздің қыз-жігіттердің татулығы да тамаша болатын. Қаланың қызы Раушанымыз да жатақханаға келіп, қал-жағдайымызды біліп тұратын. Содан бері қаншама жыл өтсе де, көп дүние жадымызда сақтаулы.

Раушангүл түркітанушы, филология ғылымының докторы, академик Ә.Қайдаровтан диплом жұмысын үздік қорғап шықты. Оқуымызды тамамдап, әркім өз жолымен кетті. Қаракөздердің ішіндегі бүгінде мерейтойы аталып өтіп жатқан сол кездегі бойжеткен Раушан бүгінде ұстаз болып, студенттерге білім беріп, ерінбей еңбек етіп келеді. Атақты түркітанушы ғалым, профессор Алтай Аманжоловтың төл шәкірті. Студенттік кезден бейнеткештігімен, еңбекқорлығымен дараланған құрбымыз Раушангүлдің ғылымдағы бейнесін хакім Абай сөзімен толықтыруға болады. Хакім сөзімен айтар болсам, ғаділет, махаббат сезім кімде көп болса, ол кісі – ғалым, сол ғажил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз: жасалып қойған нәрселерді сезбепіз, көзбен көріп, ақылмен біліп аламыз деп, толғанысқа түседі. Ғылым, Абай пікірінше, ғайыптан пайда болатын кездейсоқ құбылыс емес, ол шын дүниенің бойындағы объективті шындықтардың біртіндеп ашылып танылуы арқылы жиналып, бірте-бірте қордаланатын рухани қазына. Мұның иесі – ғалым, кімдекім талмай еңбектеніп, сарыла ізденіп санасын мәні ашылған шындықтармен толықтырып, қорландырып отырса, ғылымның бір саласын жете меңгерген ғалым болуы қиын емес, ғалым болу – әрбір

адамның өзіне тікелей байланысты құбылыс. Осы ойдың парасына сәйкес келетін Раушангүліміз қаншама ғылыми еңбектермен зерттеулер жазды, жазып келеді. Ол нәзік әрі батыл болса да, алмайтын қамалы, бағындырмайтын белесі кемде-кем.

Оның ғылымдағы орны бөлек. Старостамыз Раушанның 2011 жылы бәрімізді іздеп тауып, сағындырған студенттік жылдарды қайта еске түсіртіп, оқуды бітіргенімізге 25 жыл болғанына керемет кездесу ұйымдастырғаны, бастамасы біздің қарым-қатынасымызға алтын көпір болды. Осының бәрі Раушанның қатарының алды, көшбасшы болуына зор ықпал етті, ол шыңдала түсті. Құрбымыз өзі қызмет істейтін ғылым ордасында ғана емес, бүгінде жалпы оқу үдерісіне жаңашыл бағыт бере отырып, білім мен ғылымды шебер ұйымдастырып жүрген білікті профессор-ғалым.

Осынау мерейтойлы жасында Раушан Амирдинқызына мықты денсаулық, шығармашылық табыс, соны ізденістермен нәтижелі зерттеулер тілейміз. Ұлы Нұржанның қызығын көріп, ардақты әже болуына тілекшіміз. Саналы да сапалы өскелең ұрпақ даярлау түркітану ғылымы мен қазақ тіл білімін дамыту жолында қажымай, талмай абыройлы қызмет ете берсін! Еңбегінің жемісін, зейнетін көрсін!

Раушан ӘБУОВА,
Сарыкемер мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі, педагог-шебер, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері Байзақ ауданы Жамбыл облысы

Коллоидтық химия мектебі инновациялық жобалар бастамашысы

Химия және химиялық технология факультетінде «Қазақстанның коллоидтық химия мектебіне – 50 жыл» атты іс-шара өтті.

Кездесуге елімізде химия ғылымының өркендеуіне, университетіміз бен факультетіміздің дамуына елеулі үлес қосқан қайраткерлер, профессорлар Е.Бектұров, Қ.Мұсабеков, М.Наурызбаев, З.Мансұров, Ж.Әбілов, М.Бүркітбаев, Г.Мун, Ә.Қоқанбаев, Ә.Баешовтар, Коллоидтық химия кафедрасының түлегі, «Назарбаев зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының басқарма төрайымы, ҚазҰУ құрметті профессоры К.Шәмшидинова, «Алтын адам» сыйлығының лауреаты, профессор С.Айдарова, шетелдік әріптестер, профессорлар Р.Миллер (Дармштадт технология университеті, Германия), М.Мирзоян (Батыс Шотландия университеті, Ұлыбритания), Ташкент фармацевтикалық институтының оқытушылары, кафедра түлектері және студенттер қатысты. Олар кафедра тарихынан естеліктер айтып, қазіргі заманда ғылым мен білім берудегі халықаралық ынтымақтастықтың маңызына тоқталды.

Қазақ мемлекеттік университетінде Коллоидтық химия кафедрасы 1972 жылы сол кездегі химия факультетінің деканы, Қазақ КСР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор Б.Бірімжановтың ұсынуымен және университет ректоры, Қазақ КСР ҒА академигі Ә.Жолдасбековтің құптауымен

ашылған. Жаңадан ашылған кафедраның меңгерушісі болып, ғылымға ынтымақ мол әрі үлкен ғылыми орталықтардың мектебінен өткен жас ғалым, доцент Қуанышбек Мұсабеков тағайындалды.

Коллоидтық химияны алғаш рет жеке пән ретінде ҚазҰУ-дың химия факультетінде Ұлы Отан соғысы кезінде академик А.Думанский жүргізе бастады. Кейінірек бұл пәннен дәрістер оқуды А.Думанскийдің шәкірті, доцент Е.Аманжолова жалғастырды. Евгения Степановнаның дәрістерінің ерекшелігі – коллоидтық жүйелердің даралығын айқындайтын демонстрациялық тәжірибелер көрсету еді. Бұл тәжірибелерді дайындауда сол кезде лаборанттық қызметте болған Л.Миловорованың да еңбегі орасан. Жалпы, Е.Аманжолова соғыс кезінде ғылыми-педагогикалық жұмыспен қатар, майдан үшін жанғыш қоспалар мен тағам технологиясын дайындаумен айналысқан екен. Ал ұстаздың демонстрациялық тәжірибелері қазір де қолданыста: коллоидтық химияның лабораториялық практикумдары міндетті түрде осы көрнекті тәжірибелермен басталады.

Талантты ұйымдастырушы Қуанышбек Битуұлы коллоидтық химиялық ғылым мен білімнің өзекті мәселелерін шешуге қабілетті ұжым жасақтауға ұмтылды. Сондықтан кафедраға коллоидтық химияның әртүрлі салаларының мамандары шақырылды. Жаңа кафедра жас қызметкерлер мен оқытушылардан құралды. Ұжым қызметкерлерінің орташа жасы 30-дан сәл-ақ асатын.



Қ.Мұсабековтің Б.Жұбанов, Е.Бектұров, Е.Ерғожин, Е.Шайхұтдинов, К.Ахмедов, Қ.Жұбанов сияқты академиктермен, А.Зезин, И.Грицкова, И.Турторский, И.Паписов тәрізді Ресей ғалымдарымен ынтымақтасуы Қазақстандағы коллоидтық химия саласындағы ғылыми зерттеулердің жаңа бағытының, яғни суда еритін полимерлердің беттік-активтік заттармен ассоциациясының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді. Ассоциация процестерінің ерітінді көлемінде және әртүрлі фазалар шекарасында түзілу заңдылықтары ашылды. Ал бұл жүйелерде комплекс түзілу заңдылықтарын практикада қолдану әрекеттері коллоидтық химия мектебінің келесі буындарының үлесіне тиді.

Осыған орай, соңғы жылдары бұл бағытта жасалған ғылыми жобалар ауаны, суды тазалауға, мұнай өндірісінде жиналған күкіртті пайдалануға, мұнайды ығыстыруға, топырақты құры-

лымдауға, әртүрлі жуғыш, өрт сөндіргіш композиттер алуға, дәрілік заттардың әсер ету мерзімін созуға, арнайы мақсатта антидиабеттік, антиэйджінгтік тағамдар, косметикалық бұйымдар алу технологиясын жасауға арналғанын айта кеткен жөн. Жалпы алғанда, ҚазҰУ-дың коллоидтық химия мектебінен алты ғылым докторы, 38 ғылым кандидаты және жеті философия докторы (PhD) шықты. Олар еліміздің ғылымының, білім беру ісінің және өндірісінің әртүрлі салаларында еңбек етуде.

1988 жылы кафедра негізінде КСРО Ұлттық ғылым академиясының көшпелі сессиясы өтті. Бұл фактінің өзі де, әрине, ҚазҰУ-дың коллоидтық химия мектебінің жетістіктерінің айғағы еді. Ал кейінірек, 1998 жылы кафедра меңгерушісі Қ.Мұсабековтің ұсынуымен I халықаралық Colloids and Surfaces конференциясы ұйымдастырылды. Бұл конференцияға Джон Грегори (Ұлыбритания, UCL), Фред

М.Саундерс (АҚШ, Джорджия технология институты), Герхардус Д.Флиер (Нидерланды, Вагенинген ауылшаруашылық университеті), Шандор Барани (Венгрия, Мишкольц университеті) сияқты беттік құбылыстар мен дисперсті жүйелер саласында зерттеулер жүргізетін атақты ғалымдар қатысты. Уақыт өте бұл ғылыми форум университетімізде әр бес жыл сайын өтетін халықаралық конференцияға айналды.

Қазіргі таңда Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасы Қазақстанда коллоидтық химиядан зерттеулер жүргізіп, дәріс беретін мамандардың ғылыми-әдістемелік орталығы болып отыр. Коллоидтық химия мен оның таңдаулы тарауларынан, физколлоидтық химиядан және нанотехнологиядан қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 200-ден астам оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, лабораториялық практикумдар мен есептер жинағы шықты. Бұл бағытта мамандандырылған магистранттар қосдипломдық бағдарламалар аясында М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде және Белгород университетінде дәріс алып, ғылыми зерттеулер жүргізеді. Ұжым мүшелері факультетіміз бен университетіміздегі инновациялық іс-шараларға белсене қатысады.

Сағдат ТӘЖІБАЕВА,
Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының профессоры
Жадыра ТӨТТІБАЕВА,
оқытушы

Жаңа экономикалық саясатқа білімді кадрлар қажет

Ел дамуының жаңа кезеңіне тән әлеуметтік әділдіктің жоғары деңгейіне жету үшін экономикалық саясатты реформалау қажеттілігі туындауда. Реформаға сай, қоғамда қалыптасқан «азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынастарды оңтайлы үйлестіру үшін әрқайсысының мүддесін тиянақты және әділ қанағаттандыру керек.

Осыған орай, ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында экономиканы реформалаудың маңызды бағыттарына назар аударды. Мемлекет басшысы реформаның белгіленген бес бағдарының ішінде ең алдымен жаңа экономикалық саясатты қарастырады. Өйткені негізгі мақсат – халықтың әл-ауқатын арттыру. Бұл мақсатқа ойдағыдай жету үшін жаңа экономикалық саясаттың тың тәсілдерін іздестіріп, оларды

тиімді қолдануда нақты тоғыс міндет тұрғанын атайды.

Нобель сыйлығының лауреаты Милтон Фридман: «Инфляциялық қысымсыз тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі кез келген мемлекеттің араласуынан гөрі еркін нарық күштері, жалпы алғанда, тиімдірек», – деген. Экономикаға мемлекеттің қатысу және басқаруда нарықтық құралдарды қолдану деңгейі экономикалық еркіндік индексі арқылы анықталады. Ол мемлекеттің тауарлар мен қызметтерді өндіруге, бөлуге және тұтынуға үкіметтің араласпауы немесе кедергі келтірмеуі туралы тәжірибесін сипаттайды.

Әлемдік тәжірибеде экономикасы неғұрлым еркін елдерде халықтың әл-ауқатының деңгейі әлдеқайда жоғары болады. Мысалы, Қазақстан 2021 жылы «негізінен еркін экономикасы бар» елдер қатарында 178 елдің ішінде 34-орында болды. Сол жылы 7-орындағы «еркін экономикасы бар» Эстонияда жан басына шаққандағы табысы Қазақстанның ұқсас көрсеткішінен 4,2 есе жоғары болды. Ал 2022 жылы біздің еліміз бұрынғы мәртебесінен айырылып, «орташа ер-



кін экономикасы» бар елдер қатарына қосылып, 177 елдің ішінде 64-орынға түсіп отыр.

Демек, біздің елде де мемлекеттің экономикаға араласу деңгейін қысқартуды және кәсіпкерлікті дамытуға шешімді іскерлердің өзі қабылдауға еркіндік беруді ел экономикасы өсуінің ең маңызды факторына айналдырған абзал. Бұл халықтың әл-ауқатының артуына оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Сондықтан баға белгілеу ісіне мемлекеттің араласуын біртіндеп азайту, тіпті одан бас тарту керек.

Мемлекет басшысы заманауи экономиканы жаңғыртудың басқа да маңызды міндеттерін атап көрсетеді. Ал оның қайсысын алсақ та, тиісті деңгейде орындалмауы, сайып келгенде, бас-

қару тиімсіздігі мәселесіне келіп тіреледі. Мәселен, Қазақстандағы шағын және орта бизнесті жеткіліксіз қаржыландыру шамамен 42 миллиард долларды құрайды, ал көп триллиондық өтімділікті жинақтаған банктер оларға мойын бұрмайды. Осындай жағдайда елдегі шағын бизнес те еңсесін көтере алмауда: елдегі жұмыс орындарының шамамен үштен бір бөлігі шағын және орта кәсіпкерлік еншісінде.

Ал Америка Құрама Штаттарында шағын бизнес елдегі жұмыс орындарының 2/3 бөлігін құрайды. Оларды қолдауда Президентке тікелей бағынатын шағын бизнес әкімшілігі басты рөл атқарады: консалтингтік және тәлімгерлік қызметтерді көрсетуден несиелеуге дейін көмек береді және кепілдікпен қамтамасыз етеді. Міне, осындай салыстыру арқасында елімізде құрылымдық-экономикалық реформаны іске асыруға арналған міндеттерді шешуге жаңа мемлекеттік басқарушылар керек екені айқын көрінеді.

Біздің Экономика және бизнес жоғары мектебінде кадр мәселесін тиімді шешуге оң қадамдар жасалып жатыр. Жаңа

Қазақстанды қалыптастыруға орай, экономика мен басқарудың нақты мәселелерін шешу барысына студенттердің назарын аударудамыз. Осы талап бұдан былай диплом жұмыстарының, сондай-ақ кандидаттық және докторлық диссертациялардың тақырыптарын таңдау кезінде де қойылады. Деканның қолдауымен «Жаңа Қазақстан экономикасы» деген пікірталас клубы ашылмақшы. Бұл жаңа Қазақстанның қалыптасуы кезеңіне тән өзекті экономика мен басқару мәселелерін және олардың шешу жолдарын жетекші сарапшылардың басын қоса отырып талқылауға арналған ашық алаң болмақ. Клуб отырыстары айына бір рет өткізіледі.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің ұжымы заман талабына сай тиімді экономикалық және басқару кадрларды даярлау мақсатында әрқашан да білім берудің жаңа әдістерін табуға және қолдануға бағытталған.

Сейсембай ЖҰМАМБАЕВ,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің доценті, экономика ғылымының кандидаты

Әл-Фараби шығыс пен батыстың ғылымын табыстырды

Әбу Насыр әл-Фарабидің әлем мен адамзатты түсінуге, адамның әлемдегі орнын анықтауға және дүние мен қоғамның толық интеллектуалды бейнесіне қол жеткізуге деген құштарлығы зор болды. Ойшылдың интеллектуалды мұрасы тікелей антикалық философия өкілдері, оның ішінде Платон мен Аристотельдің философиялық ілімдері мен аудармаларына толы, сонымен қатар өзінің көптеген ғылым салалары бойынша еңбектері де жетерлік. Ғалымдардың пайымдауынша, әл-Фарабидің 160-тан астам трактаты бар.

Әлемнің екінші ұстазының ойынша, білімге бағытталған іс-әрекеттердің барлығы белгілі бір кезеңде және қоғамда құндылықтар, ілім мен тәжірибелік мүмкіншіліктерді тұлғаның игеруі деп тұжырымдайды. Білім алудың басты мақсаты жеке тұлғаны кемеліне жеткізу болса, ал әлемде адамзаттың өмір сүруінің басты мақсаты – абсолюттік жақсылық – жоғарғы деңгей деп танылатын бақытқа жету деп анықталады.

Әл-Фараби мұлтіксіз тұлға интеллектуалды білімін қорытындылайтын теориялық ізгілік пен рақымшылықты, адамгершілікке толы тәрбиенің кемеліне жеткен тәжірибелік ізгілікті бойына сіңірген адам екенін айтады. Бұл теориялық және тәжірибелік ізгілікті шынайы күшпен байланыстырған тұлға қоғамның басқа мүшелерінің алдында көшбасшы рөліне ие болып, саяси басшылыққа ие болады деп танылған. Әл-Фараби моральдық және эстетикалық құндылықтарды біріктірген: жақсылық – ол әдемілік, ал әдемілік – жақсылықтың бейнесі; сұлулық – ақылдылықпен өлшенетін құндылық.

Ойшылдың еңбектері еуропа-лық ренессанстың өрлеуіне үл-

кен ықпал етті. Ол шығыс пен батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды және сол кезеңдегі білімнің дамуына ықпал етті.

Ғұлама ғалымның пікірінше, білім алу мақсаттарының барлығы үйрену мен тәжірибені бірдей деңгейде біріктіреді: алған теориялық білім тәжірибе жүзінде іске асырылуы тиіс деп тұжырымдайды. Ғылым тәжірибеге салынбаса, ешқандай да құндылығы болмайтынын аңғартады. Осы аталған мақсаттарды жүзеге асыру барысында білім алу мен оқытуды негізге ала отырып, әл-Фараби Платонның ойымен қосылады.

Жалпы, білім беру деген не? Әл-Фараби бұл ұғымды түсіндіру мақсатында көптеген түсініктерді қолданған: тәртіп (ta'dib), бағалау, түзеу (taqwim), үйрету (tah-dhib), бағыттау (tasdid), жаттығу немесе үйрену (irtiyad), нұсқау беру және тәрбиелеу (tarbiya).

Әл-Фараби трактаттарының бірі – «Бақытқа жету туралы» еңбегінде ғалым білім беруді халықтар мен қалаларды теориялық ізгілікке үйрету деп анықтайды. Жақсы тәрбие – оның ойынша, жақсы қасиеттер-



дің жиынтығы, ал тәртіп – адамгершілік қасиеттерді құру жолы.

Білім, әл-Фарабидің түсінігінде, кемелдік пен бақытқа қол жеткізуге ұмтылған қоғамның барлық мүшелеріне қажет деп танылады. Сондықтан білім беру әдістері қандай қоғам тобына бағдарлануына байланысты бейімделуі тиіс.

Білім беруде екі негізгі әдіс бар: оның біріншісі – жалпы халыққа арналған наным-сенім болса, екіншісі – элиталық қауымға арналған әрекет-қимыл көрсету деп танылды. Көрсету әдісі сөз арқылы қол жеткізілсе, нанымдық әдісте сөзбен бірге, іс-әрекет басшылыққа алынады. Платонның білім беру моделін басшылыққа ала отырып, әл-Фараби диалог және сөз жарыстыру әдістерін де білім берудің маңызды бөліктері деп тұжырымдайды. Жалпы халыққа білім беру олардың сана деңгейіне қарай жүргізілу керектігіне де ойшыл көңіл бөлген. Осындай

қоғам мүшелерін үйретуде білім берудің тағы бір әдісі – қиялдау арқылы түсінуге қиын құбылыстарды метафора және басқа да ұқсас бейнелермен түсіндіру қажет деп танылды. Жоғарыда аталған әдістерден басқа, әл-Фараби білім алудың маңызды бөлігі ретінде қайталау мен жаттауды атап көрсеткен. Ойшыл соңғысын екі секцияға бөлген: біріншісі – оқушының сөздерді есте сақтағанша қайталап отыруы болса, екіншісі – жай жаттап алудан тереңірек ойда тұжырымдауға бағытталған.

Ғұлама теориялық ғылымдардың алғышарты ретінде арифметиканы менгеру қажеттігін атап өткен: «Кімде-кім теориялық шығармашылықты үйренгісі келсе, сандардан, өлшемдерден бастауы тиіс, себебі бұл жүйелер оптикалық, астрономиялық, табиғи ғылымдардың барлығына тән құрылғылар». Математиканы ойшыл бірнеше түрге бөліп қарастырған: сандар (арифме-

тика), геометрия, ғылыми астрономия, музыка, динамика мен құрылғы-машиналар ғылымы. Осындай нақты ғылымдардан соң теология мен метафизика, одан кейін саяси ғылымдар, құқық, академиялық теология бағдарламада қарастырылады. Қысқаша айтқанда, әл-Фарабидің білім беру бағдарламасы мынадай ғылым салаларының топтарынан құралады: тілдер ғылымы, логика, математика, жаратылыстану ғылымдары, теология, саяси ғылымдар, құқық пен академиялық теология. Дегенмен дана ғалым философияны барлық ғылымдардың атасы деген тұжырымға тоқтаған. Себебі бұл ғылым барлық адамзат басқарылатын себептердің білімі ретінде түсіндірілген. Философия құбылыстардың ең жақсысын ең жақсы жолмен зерттеуге мүмкіншілік береді, сонымен қатар ол – бақытқа бастар жол.

Әл-Фараби – педагогика тарихында ерекше орны бар, асқан дидактик методист, ғұлама болған адам. Ғұламаның бұл саладағы мұраларын сұрыптап, қазіргі педагогика ғылымының даму игілігіне пайдалану – абзал міндеттердің бірі. Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Фараби мұраларын оқыту қолға аланды. Өйткені әл-Фарабидің ғылыми-теориялық жетістіктерін оқыту интеллектуалды озық ойлы жастарды қалыптастыруда, тәрбиелеуде маңызды орын алады.

Пірімбек СҮЛЕЙМЕНОВ,
доцент, саяси ғылымдар кандидаты

Аты аңызға айналған ғалым, шығыстың көрнекті ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби жастайынан Аристотельдің, Платонның және басқа да ежелгі грек философтарының еңбектерін зерттеп, шығыс перипатетизмінің негізін салушылардың бірі.

Осыған байланысты Аристотельден кейін «Екінші ұстаз» деген атақ ие болды. Бірақ шығыста, сондай-ақ Қазақстанда ғұлама «Шығыстың бірінші ұстазы», «Шығыс Аристотелі» болып саналады. Бұл себепсіз емес. Әл-Фараби полиглот болған, 70 тілді білген деген мифтер де бар. Сол кездегі белгілі ғалымдардың еңбектерін зерттеумен қатар, артына мол ғылыми мұра – сан алуан білім саласын қамтитын 200-ге жуық трактат қалдырды. Фарабидің төл туындыларының ішінде ең әйгілісі – «Даналық інжу-маржандары» трактаты, «Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Философиялық трактаттар» және «Музыканың үлкен кітабы»

Екінші ұстаздың менеджмент принциптері университетте қолданылады

атты еңбектері ортағасырлық Еуропада әл-Фарабиге даңқ әкелді. Есімі әлемдік ғылым мен мәдениет тарихына мықтап енді. Шығармалары еуропалық ренессансқа үлкен әсер етіп, батыс пен шығыс мәдениеттері мен философияларының жақындауына байланыстырушы көпір болды.

Қазіргі таңда әл-Фарабидің ұлы есімін Қазақ ұлттық университеті мақтаншыпен алып жүр. ҚазҰУ Қазақстан ғылымы мен білімінің флагманы және Орталық Азиядағы көшбасшы болып саналады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2022 жылы QS World University Rankings рейтингі бойынша үздік 150 университет қатарына енді, бұл білім сапасы көрсеткіштерінің бірі. Соңғы жылдары университеттің Түркия мен Қырғызстанда филиалдары ашылды. Ал әл-Фараби жазған менеджмент принциптері қазір



университет қалашығын дамытуда қолданылып, «Ақылды қала» (SMART CITY) концепциясына айналды. Қазақ ұлттық университеті қазақстандық және әлемдік ғылымға үлес қосып келеді.

Ұлы ойшылдың рухына тағзым етіп, Қазақ ұлттық университетінде жыл сайын студенттер, магистранттар және жас ғалым-

дар үшін «Фараби әлемі» деп аталатын халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіледі.

Экономика және бизнес жоғары мектебі бойынша конференция «Жаңа экономикалық саясат: проблемалар мен басымдықтар» тақырыбына арналған. Конференцияда ғылымның әр-

түрлі саладағы, атап айтқанда: экономикадағы теориялық, эксперименттік және қолданбалы сипаттағы баяндамалар қарастырылады. Конференцияның жұмыс тілдері – қазақ, орыс, ағылшын. Конференция аралас (күндізгі және сырттай) форматта өтеді.

«Ғалым жаңалық ашуға қабілетті зерттеуші болуы керек», – дейді әл-Фараби бабамыз. Қазіргі әлемде ғылым жаңа технологиялар мен инновацияларды дамытуда орасан зор рөл атқарады. Бұл өз кезегінде адам өмірінің сапасына, сондай-ақ жаһандық экономикаға үлкен әсер етеді. Бірақ ұлы ойшыл әл-Фарабидің «Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы» деген тағы бір сөзін естен шығармауымыз керек.


Сәбит ТАСЖАРҒАНОВ,
Менеджмент кафедрасының магистрі, аға оқытушы

Приглашаем на курсы английского языка

Каждый молодой ученый сталкивается с необходимостью публикации результатов своего научного исследования, поскольку Наука — это не только проведение научных исследований и получение результатов, это и написания научных статей и публикация их в научных изданиях. Преподавателями кафедры иностранных языков подготовлен онлайн-курс на английском языке: «Academic Writing: The Structure of a Research Paper». Курс предназначен для студентов, магистрантов, докторантов и для начинающих исследователей.

Выбор темы он-лайн курса не случаен. Все, кто занимаются научной деятельностью хорошо знают, что написание научной статьи и подготовка её к публикации — это сложный и кропотливый труд. Решение подготовить курс на английском языке объясняется очень просто. Английский язык давно стал языком международного общения и, именно, на английском языке пишутся статьи в международных изданиях; публикация в них не только вопрос престижа, но и показатель включенности исследователя в мировое научное сообщество.

Цель этого курса — вооружить студентов необходимыми знаниями по основам структуры исследовательской статьи, объяснить содержа-



ние ее компонентов и дать пошаговое руководство по написанию каждого из ее разделов. Мы считаем, что этот курс предоставит студентам знания, опыт и практические навыки, которые помогут им стать им самостоятельными и плодотворными исследователями по выбранной тематике. Мы также считаем, что по завершении курса студенты смогут сформулировать выразительное название, написать информативную аннотацию, интересное введение и аргументированные разделы «Материалы и Методы» и т.д.

Курс состоит из четырех модулей, которые включают десять лекций. Он длится 15 недель. Модуль 1 состоит из следующих лекций: «Название научной статьи», «Как написать аннотацию?», «Как написать введение к научной статье?», «Обзор литературы». Модуль 2: «Раздел «Материалы и методы», «Содержание и структура раздела «Материалы и методы» исследовательской работы» (часть 1), «Содержание и структура раздела «Материалы и методы»

исследовательской работы» (часть 2). Модуль 4: «Как представить результаты исследовательской работы?», «Как написать раздел «Дискуссия» и «Как написать раздел «Заключения».

Каждый модуль сопровождается вопросами для самоконтроля, упражнениями для закрепления и усвоения теоретических знаний, полученных на лекциях, и написания эссе объемом 250 слов. Безусловным требованием к теме и содержанию данного письменного задания является то, что участники курса должны обязательно писать эссе по теме своей исследовательской работы. Участники курса имеют возможность получить сертификат, если пройдут курс лекций, выполнят все задания и наберут 75 баллов из 100.

Подготовка онлайн курса стала возможной благодаря высокой профессиональной компетентности и самоотверженной работе сотрудников Управления академических и цифровых инноваций. Выражаем особую благодарность: Мусиновой Асель — заместителю директора Департамента по академическим вопросам, Нестеренкову Петру — начальнику Управления академических и цифровых инноваций, Арыстановой Айну, Акпанову Ербол — главным специалистам и Мухаметжан Айдане — ведущему специалисту Управления по академическим и цифровым инновациям. Желаем им больших успехов и удач в их деятельности!

Айжан МУЛДАГАЛИЕВА,
доцент,
Шолпан ГУМАРОВА,
ст.преп. кафедры
и иностранных языков

Преподаватели кафедры ЮНЕСКО по устойчивому развитию факультета географии и природопользования КазНУ имени Аль-Фараби Тажибаева Тамара Лашкаровна, Минжанова Гульдана Маратовна и Танабекова Гульжанат Бакытовна стали победителями престижного Международного педагогического конкурса «ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ПРИЗВАНИЕ», который состоялся 22 марта 2023 года в г. Петрозаводске, Россия.

Поздравляем победителей международного конкурса!



Цель конкурса — способствовать обобщению и распространению передового педагогического опыта и лучших педагогических практик, а также повышению профессионального уровня педагогических работников. Жюри конкурса оценивали претендентов на звание лучших из более 180 претендентов по 18 номинациям.

К участию в конкурсе наши преподаватели представили работу «Подготовка

специалистов по «зеленой» энергетике для реализации стратегии углеродной нейтральности в Казахстане» и удостоены дипломов I степени! Сборник материалов данного Международного конкурса в открытом доступе размещены в Научной электронной библиотеке Elibrary.ru

Турсынкул БАЗАРБАЕВА,
заведующая кафедры
ЮНЕСКО по устойчивому
развитию

Педагогическая практика будущих учителей

Педагогическая практика в рамках профессиональной подготовки в вузе обладает большим потенциалом для формирования будущего учителя. Именно она обеспечивает соединение теоретической и практической подготовки будущих учителей. В процессе практики студенты-практиканты интенсифицируют самообразование и самовоспитание, повышают степень профессиональной подготовленности; синтезируют педагогическое знание с практической деятельностью.

Основная цель педагогической практики — закрепление и углубление знаний, полученные студентами в процессе обучения, приобретение необходимых умений и навыков практической работы по специальности география. Овладение педагогической деятельностью и формирование готовности к ней возможны только при взаимопроникновении и взаимообусловленности теоретической и практической подготовки будущего педагога: ни один компонент профессиональных умений и навыков нельзя сформировать лишь в аудиториях.

Практика пробных уроков и занятий является основой профессиональной подготовки будущего специалиста, она направлена на развитие высокого уровня овладения



педагогической деятельностью. Проводя уроки и занятия, студенты учатся творческому применению на практике полученных знаний за все годы обучения, развивают навыки исследовательской деятельности и методологическую культуру.

На практике педагогическая деятельность студентов совершенствуется на основе содержательного фактического материала, познание и результативное освоение которого возможно только на фоне живых впечатлений и наблюдений. Практика помогает реально формировать в условиях естественного педагогического процесса методическую рефлексию, когда для учителя предметом его размышлений становятся средства и методы собственной педагогической деятельности, процессы выработки и принятия педагогических решений. Анализ собственной деятельности помогает практиканту осознать трудности, возникающие у него в работе, и найти грамотные пути их преодоления.

Таким образом, педагогическая практика играет важную роль в профессиональном становлении будущих педагогов. В процессе практики углубляются, расширяются и укрепляются теоретические знания студентов, формируются их педагогические умения и навыки и профессионально-личностные качества, развиваются педагогическое мышление, творческая активность и самостоятельность. Перед преподавателями и студентами стоит задача максимального использования возможностей педагогической практики в деле совершенствования подготовки будущих педагогов к самостоятельной педагогической деятельности. Даст возможность более реально и адекватно оценить себя по теоретической и практической подготовке. Сформировать объективное представление о себе как о будущем специалисте.

Кульзада ДУЙСЕБАЕВА
доцент кафедры географии,
землеустройства и кадастра

В рамках предмета Педагогики Высшей Школы мною было организовано спортивное мероприятие — беговая тренировка с вводным теоретическим блоком о позитивном влиянии спорта на физическое и ментальное здоровье людей.

Ценный опыт



Мой выбор остановился на данной теме, поскольку я сама на протяжении многих лет занимаюсь спортом, и могу смело заявить, опираясь на собственный опыт, что регулярные занятия спортом помогают укрепить не только физическое здоровье, но и положительно влияют на психологическое состояние (уменьшают стресс, способствуют эффективному разрешению проблемных ситуаций и т.д.). Это было для меня очень интересным и ценным опытом, поделиться собственными наблюдениями и теоретическими

знаниями с участниками мероприятия. Результат — позитивное настроение, заряд энергии и бодростью и мотивация для регулярных пробежек.

Хочу выразить искреннюю благодарность своему преподавателю, кандидату философских наук, доценту Ашекеевой К.Н. за предоставленную возможность и поддержку, а также студентам-магистрантам 1 курса факультета философии и политологии университета КазНУ за участие в данном мероприятии.

Дана АСЕНОВА
магистрант 1 курса

Дарынды ұйымдастырушы, дана ұстаз еді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғылыми кадрлар даярлау бөлімінің меңгерушісі қызметінде 37 жыл еңбек еткен, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген Зинаида Кәрімқызы Уәлиханова 85 жасында дүние салды.



сияқты атақты ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері бар.

Зинаида Кәрімқызы аспирантура бөлімін жетілдіру, дамыту жолындағы қажырлы еңбегі үшін «За доблестный труд», «Ветеран труда», тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдениетінің дамуына қосқан қомақты үлесі үшін «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен, «Победитель социалистического соревнования» төсбелгісімен, Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың көптеген Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталған. Университеттің дамуына қосқан үлесі үшін Зинаида Кәрімқызы өткен жылы «Әл-Фараби» алтын медалмен марапатталды.

З.Уәлиханова адалдықтың, өмірге деген сүйіспеншіліктің, жоғары рухани қасиеттердің үлгісі болды. Оның есімі мен еңбегі көптеген ұрпақтың есінде қалды. Ұлт пен мемлекет тарихына енді. Оның жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты, кәсіподақ комитеті мен ұжымы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ардагері Зинаида Кәрімқызы Уәлиханованың қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына көңіл айтады.

Наурыз мерекесі қарсаңында Түркістан облысының Отырар ауданында «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультеті және «National Geographic-Qazaqstan» журналының ұйымдастыруымен, Отырар ауданының өкімі Сәкен Сұлтанхановтың қолдауымен «Деректі фото» курсы аясында республикалық фотобайқау өтті.

Фараб жерінде фотобайқау өтті



«Деректі фото» курсының басты мақсаты – фотобейне өнерін жалпақ жұртқа таныстыру, осы салаға қызығушылығы бар жандарды қанаттандыру, қазақ фотоөнерін әлемдік деңгейге көтеру. Фотобайқаудың әлемге әл-Фарабидей ғұлама, ойшылды сыйлаған Отырарда өтуі тегін емес. Алматы қаласынан байқауға арнайы келген «Asran Production» графика дизайнері, режиссер Тілек Рысбек бұл жайында былай дейді:
– Әл-Фараби – әлем филосо-

реттер қорын байыттық деуге болады.

Киелі Отырарда өткен фотобайқауда Отырар ауданы әкімінің орынбасары Айдос Құлмаханов және «Деректі фото» курсының жетекшісі Серік Мұқышұлы, «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асылхан Әбдірайымұлы сынды өз ісінің мамандары төрелік етті. «Деректі фото» курсына қатысып, іріктеуден өткен қатысушылар үш күн бойы аудан орталығында өткен Наурыз мерекесі

Заманауи мамандық иесі болғыңыз келсе...

География және табиғатты пайдалану факультеті елімізге білікті мамандар даярлауда алдыңғы қатардан көрініп келеді. Факультет жер туралы ғылымдар негізінде табиғатты игеруді және пайдалануды жетік білетін маман өзінде сүбелі еңбегімен белгілі.



бұл мамандықтарға жастар тарапынан қызығушылық өте жоғары. Елдегі өндірістердің денінде бұл мамандық иелеріне қызмет істеуге мүмкіндік өте мол, сұраныс көп. Факультет түлектері геология, тау-кен өндірісі, құрылыс, жерге орналастыру, жер кадастры салаларында қызмет атқара алады.

Қазіргі кезде геодезиялық-картографиялық зерттеулер жер бетінде де, кеңістікте де заманауи техникалық аспаптармен, яғни технологиялық жетістік арқылы жүзеге асып, олардың нақты нәтижелері тіршілікте кеңінен қолданылууда.

Аталған мамандық бойынша бітіріп шыққан жастар бүгінде еліміздің түрлі өндіріс салаларында абыройлы қызмет атқарады. Осы орайда, кафедра оқытушылары педагогтік қызметін заманауи талаптарға сәйкес, жаңа инновациялық технологияларға сай жүргізетінін атап айтқан жөн. Сондықтан Картография және геоинформатика кафедрасы оқуға келген студенттердің сапалы білім алуына барлық жағдайды жасауға дайын.

Кафедра ҚР жалпыға міндетті білім беру мемлекеттік стандарттарының барлық талаптарына сай, бакалавриат, магистратура және PhD докторантура бойынша білім беруді жүзеге асырады.

Университет ұжымы инновацияға жаны құмар, заманауи жаңалықтарға бейімделген, бәсекеге қабілетті маман боламын деген жастарға барлық жағдайды жасайды және сіздерді асыға күтеді.

Картография және геоинформатика кафедрасының ұжымы



фиясында өзіндік орны бар маңызды фигуралардың бірі. Оның Аристотельдің «Метафизикасын» аударуы әлем философиясындағы елеулі оқиға. Арнайы экспедиция Отырар қаласын Әбу Насыр әл-Фарабидің туған жері екенін дәлелдеген. Осыған дейін оны парсы ғалымдары Ауғанстан жеріндегі Фәриабта туған десе, көптеген зерттеушілер оның Фараб қаласында өмірге келгенін айтады. Бізде ұлттық жоғары оқу орны, көшелер, мекемелер әл-Фараби атымен аталады. Біз ғұламаның тек атын ұлықтаумен ғана шектелмеуіміз керек, оның шыққан жерін де шетелдерге танытып, жарнамалау қажет. Ал оны фотосуреттер арқылы жеткізуге болады. Осы сапарымызда біз әл-Фарабидің рухани әлеміне, біліміне саяхат жасадық, фотосу-

шеңберінде Арыстан баб кесенесі, Отырар қалашығы сияқты тарихи-мәдени орындарды, Арыс өзені жағалауларындағы көрікті жерлерді, музейлер мен ескерткіштерді аралап, әртүрлі ракурста суретке түсіріп, өзара жарысқа түсті.

«Деректі фото» курсы аясында ұйымдастырылған фотобайқау нәтижесінде алматылықтар Ернұр Манапхан, Бақдәулет Әбдәулі және Ерқанат Аманкел үшінші орынға, алматылық Әкбар Үркінбайұлы мен астаналық Мейірбек Тажжуранов екінші орынға ие болды. Өскемендік Данагүл Әбдікәрім фотобайқаудың жеңімпазы атанды. Жұлдегерлерге дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табысталды.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.